

Төрбек Е.Ж., Абдуалиева М.А.*

PhD, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

PhD, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯСЫН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК РЕСУРСТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ- ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Автор корреспондент: abdualieva82@mail.ru

Түйін: Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: "ғасырдың мақсаты - қоғамның нарықтық қатынастарға көшуі кезінде саяси, экономикалық және рухани дағдарыстарды еңсере алатын ізгілікті, іскер, өмірге төзімді, көп мәдениетті адамды қалыптастыруға қол жеткізу". Сондықтан бүгінгі таңда ең маңызды мәселелердің бірі-ақыл-ой жетілген, жақсы дамыған, еңбекқор, өзін-өзі қамтамасыз ететін және кәсіби мамандарды даярлау екені белгілі. Оқытуды және оның ерекшеліктерін зерттейтін ғылымдардың негізгі идеясы-оқу процесінде оқу мотивтеріне сүйену өте сәтті, оқу процесін, мотивацияны ынталандырады, жақсы нәтиже береді және оқу іс-әрекетінің компоненттерінде маңызды рөл атқарады. Яғни, оқушының сабақты игеруіне әсер ететін себептердің бірі - мотивтер. Мотивтер баланы ынталандыратын және оқуға бағыттайтын мотивтерден туындайды. Бұл себептерге оқу процесінде компьютерлік ресурстарды пайдалану жатады. Мақалада оқу процесінде оқу мақсатына арналған компьютерлік ресурстарды қолданудың танымдық және дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылады.

Кілт сөздер: оқу процесі, мотивтер, компьютерлік ресурстар, танымдық және дидактикалық мүмкіндіктер

Кіріспе Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей: «Ғасыр мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемді, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруға қол жеткізу»[1]. Сондықтан, жан-жақты білімді, өз бетінше ізденуге және кәсіби шеберлігін арттыру қабілеті мол мамандарды дайындау еліміздегі маңызды мәселелердің бірі. Сонымен қатар, Елбасы «Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұралдармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет» - деп атап өтті [2].

Теориялық талдау. Оқуды және оның ерекшеліктерін зерделеген ғылымдардың негізгі түйгені оқыту барысында оқу мотивтеріне сүйенудің үлкен табысқа жететіндігі [3]. Оқу үдерісін зерттеушілер П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, А.К.Маркова, Г.И.Щукина, Р.И. Ушаков оқыту барысында көздеген мақсатқа жету, ол оқу мотивтеріне қозғау салып, оны тәрбиемен бірге ұштастыру - деген тұжырымға келген [4].

Ал С.Л.Выготский, Д.Б.Эльконин тағы басқалар оқу үдерісіне, мотивтерге қозғау салу, үлкен нәтиже беретінін және оқу әрекеттері компоненттерінің ішінде шешуші роль атқаратынын айқындаған. Яғни оқушының сабақты толық меңгеруіне әсер ететін себептердің бірі – мотивтер. Мотивтер баланы оқуға деген әрекетке итермелейтін, бағыттайтын себептерден туындайды. Баланың оқу мотивтері қызығушылығы мен қажеттіліктерге байланысты болады. Оқушының қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, әр-түрлі әдіс-тәсіл қолданып өткізу жақсы нәтиже береді.

А.Н.Леонтьев «Егер мотив болмаса, онда әрекетте болмайды деген тұжырымға келген» [5]. Күнделікті кездесетін себеп-түрткілер, оқу-тәрбие үдерісінде, оқушының дамуына, сана сезімінің қалыптасуына әсер етеді және осы мотивтер арқылы жаңа нәрселер туындайды.

В.В.Давыдовтың пікірінше іс-әрекет теориясы Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасына негіз болған негізгі идеялардан келген. 1925 жылдың басынан Л.С.Выготский әлеуметтік-тарихи іс-әрекет ұғымын және оның психология саласында қолданылуын терең қарастыра бастады.

А.Н.Леонтьев Л.С.Выготскийдің іс-әрекет ұғымы жөніндегі мағлұматтарына сүйене отырып іс-әрекет теориясын жасады. Бұл теория өзінің маңыздылығы жағынан көрнекті психолог С.Л.Рубинштейннің теориясымен тең болды. Бұл теориялардың кейбір айырмашылықтарына қарамастан оларды іс-әрекеттің классикалық теориясы деп атайды.

Іс-әрекеттің ерекше түрі - оқу іс-әрекетін зерттеумен Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов шұғылданды.

Академик В.В.Давыдовтың пікірінше «Іс-әрекет деп адамды қоршаған заттық және әлеуметтік шындықты күрделі өзгеруімен байланысты белсенділікті ғана атауға болады».

Іс-әрекет А.Н.Леонтьев бойынша, қажеттіліктен, міндеттіліктен, іс-қимылдан және операциялардан тұрады. Мұндағы қажеттілік іс-әрекеттің негізі міндеті-мақсаты мен оған жетудің шарттарының бірлігі ретінде қарастырылады. А.Н.Леонтьевтің тұжырымдамасы бойынша міндет белгілі бір іс-қимыл жасағанда орындалады, ал оның орындалуына белгілі бір құралдарды қолданумен байланысты.

А.Н.Леонтьевтің бұл схемасын нақтылай келе, академик В.В.Давыдов іс-әрекеттің мынадай құрылымдық элементтерін көрсетеді: қажеттілік, эмоция, міндеттер, іс-қимыл, іс-қимыл мотиві, іс-қимылға пайдаланылатын құрал, жоспар - бұл таным үдерістері және ерік [6].

Адамның іс-әрекеті - саналы іс-әрекет, ал еңбек іс-әрекеті үшін арнайы білім мен іскерлік қажет болады, ол ұзақ уақыт арнайы оқумен немесе жұмыс белсенділігімен келуі мүмкін, оны кәсіби іс-әрекет дейді. Операторлық іс-әрекет - ол кәсіби іс-әрекет, техникалық тұрғыдан жабдықталған белгілі бір қашықтықтан техникалық технологияны бақылау және басқару екендігін айтады. Іс-әрекеттің психологиялық теориясы оның мәнін ашуы керек, іс-әрекетте адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі белсенділік пен «іс-әрекет феноменінің көпжақтылығы» бейнеленіп көрсетілуі тиіс. Іс-әрекет адамның өзін қоршаған нақты дүниеге белсенділік тұрғысынан қараудың маңызды түрі.

Заманауи кезеңде үздіксіз білім берудің біртұтас жүйесінің қызметінде және осы жүйені басқаруда білім берудің компьютерлік ресурстарын пайдаланбау мүмкін емес. Білім берудің компьютерлік ресурстарын оқу үдерісінде пайдалану заманауи қоғамның күттірмейтін қажеттілігі болып табылады. Оқу үдерісіне білім берудің компьютерлік ресурстарын қолдану оқу үдерісіне техникалық құралдарды ендірудің көпжылдық үдерісінің жалғасы және дамытуы болып табылады.

Білім беруді ақпараттындыру заманауи қоғамды ақпараттындыру үдерісінің негізгі және әлеуметтік маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Білім беруді ақпараттындыру деп заманауи ақпараттық дүниежүзілік қауымдастықтың жағдайында азаматтарды дайындау және компьютерлік техника және ақпараттық технологияларды кең түрде пайдалану негізінде білім беру және кәсіби дайындау сапасын арттыру үдерісін айтамыз.

Оқу үдерісінде компьютерді қолдану үш формада: жаттықтырушы ретінде, оқытушының орнына белгілі қызметтерді орындайтын көмекші ретінде, белгілі ортаны және оның ішіндегі мамандардың әрекетін моделдейтін құрылғы ретінде іске асырылады. Ең үлкен алғышарттар ойлау қабілетін дамыту үшін, шешім қабылдауға қабілеттерді қалыптастыру үшін жағдай жасайтын имитациялық модельдеу мақсаттары үшін оқыту барысында білім берудің компьютерлік ресурстарын пайдалану кезінде ашылады. Компьютерлік құралдармен жұмысты оқытудың дараландыруды қамтамасыз ететін диалог режимінде жүргізу тиімдірек. Әсіресе компьютерлік оқыту бағдарламаларын геометрия сабақтарында пайдалану тиімдірек.

Білім беруді ақпараттындыру үдерісі барысында қағида түрінде айырмашылығы бар екі тәсіл байқалады. Олардың ішіндегі біріншісі- дәстүрлі түрде ақпаратты беру және оқушыларды оқыту құралдары ретінде пайдаланылатын оқыту жүйелерінің білім беру саласында қолданылуға бағдарланған. Екіншісі- талдау, ақпаратқа қолжетімділікті алу, өз білімін түсіндіру және ұйымдастыру және осы білімді басқа адамдарға ұсыну үшін таным құралы ретінде компьютерлік ресурстарды пайдалануға бағдарланған.

Тәжірибелік бөлім. Оқушылардың «зерттеу жасауға» бағытталған күштері мақсатты және оқытылатын тақырыптың негізгі мәселелерін шешуге шоғырландыру үшін мұғалім алдын ала оқудың білім берудің компьютерлік ресурстарымен жұмыс жасау барысын нақты анықтауы тиіс.

Оқу үдерісінде компьютерлік ресурстарды пайдалануды талдау компьютердік оқыту құралдарының көпшілігі тапсырмаларды генерациялау үдерістерін автоматтандыру үшін немесе оқу қызметін бақылау үшін арналғанын көрсетеді, оның үстіне олар эпизодты түрде және көбіне жүйесіз қолданылады.

И.В.Роберт өз монографиясында [7] «. дәстүрлі әдістеменің «тесігін жамау» мақсатында бағдарламалық оқыту құралдарын фрагменттік пайдалану білім алушылардың да, білім берушілердің де табысты болуына кедергі келтіреді», - деп көрсетеді.

Компьютерлік ресурстарды қолданыстағы дидактикалық жүйеге жай ғана қосып қоя салуға болмайды және ол білім беру саласында революция жасайды деп сенуге болмайтыны қиындық тудырады. Білім берудің компьютерлік ресурстарының табиғаты белгілі түрде адамның психикалық құрылымдарын қалыптастыруға және дамытуға, сонымен бірге ойлануына ықпал етеді. Мұндай сипаттамалар шығармашылық қызмет және проблемаларды шешумен байланысты танымдық үдерістерге сәйкес келеді. Құбылыстардың болмысын түсіну және проблемаларды шешу тактикасы айқын болып көрінетін фактілерді жаңаша қабылдау, бірінші қарағанда, бір-бірімен байланыспайтын заттарды біріктіру әдісін табу, жаңа және ескі ақпарат арасындағы өзгеге ұқсамайтын байланыстарын орнату қабілеті ретінде сипатталады.

Білім берудің компьютерлік ресурстарын қашықтықтан оқытуда қолдану кейбір тақырыптар файлдарды құрайтын көптеген топтарға топтастырылған. Мысалы, берілген тақырыптар түрлі топтарға бөлінуі мүмкін. Білім алушылар өтілген тақырыптан жаңа тақырыпқа сызықтық жолмен болмаса сызықтық емес жолмен, және де осы екі тәсілдің байланыстыра отырып сабаққа дайындала алады. Мамандандырылған компьютерлік ресурстар студенттердің жұмысын басқарып, әрқайсысының жүріс-тұрысының жеке сызығын тіркей алады.

Осындай ұқсас жүйеге бірнеше компьютер немесе басқа компьютерлік ресурстары енгізілуі мүмкін. Бір интерфейске түйіскен машиналар интерактивті көрсетілім және оқытылатын тақырыптардың әрқайсысын түсіндірілуі түрінде қосымша мәтінді қамтамасыз етеді.

Бірінші кезеңде компьютерлік ресурстарды машинаның жұмысы жөнінде жалпы мағлұмат беретін, бағдарламалау тілдері туралы, сонымен қатар оператор жұмысының негізгі міндеттері қамтылатын оқыту үдерісіндегі пән ретінде саналады.

Ал екінші кезеңде бұл пәннің мақсаты қандай да бір оқу немесе кәсіби міндеттерді шешу құралына айналады. Пәнді осылай құралға айналдыру адам қызметін және ойлауының дамуын қамтамасыз етеді, әдепкі әрекеттерін, қызмет түрлері мен әдістерін қайта жасалуын болжайды.

Білім берудің компьютерлік ресурстарының пайдалану барысында білім беру тиімділігі мынада: Технологиялар және қашықтықтан білім беру құралдары туралы айтар болсақ, білім беру қызметінің аталған түрлерінің тиімділігін арттырудың, қашықтықтан оқыту курстарын біріктіру және оқушыларға қолдау көрсетудің көптеген әдістерінің бар екенін атап кету қажет. Сапалық тиімділігі жоғары, қашықтықтан оқыту курстарының бір ортақ сипаттамасы бар – оларды әзірлеушілер түрлі құралдар мен технологияларды пайдалану, сонымен бірге оқушыларға қолдау көрсету мәселелеріне айтарлықтай назар аударады.

Сонымен оқу үдерісінде білім берудің компьютерлік ресурстарын келесідей мақсаттар үшін қолдануға болады:

- оқыту үдерісіндегі материалдарды аудио, видео, графика, мәтіндер форматында ұсына отырып, есептер шығару, берілген жаттығуларды орындау және тақырып бойынша тәжірибелер жасау;

- дисктерде жинақталған оқу материалдарын тиянақты пайдалану арқылы оқыту, деректер қорына және интернет желісіндегі пайдалы ақпараттарға қол жеткізу үшін;
- білім алушылар, оқытушылар арасында байланыс әдістерін және т.б. қамтамасыз ету үшін (электронды пошта, телеконференциялар, чаттар).

Жаңа компьютерлік ресурстарды мұқият жоспарланған және құрылымдалған пайдалану белгілі курстар шеңберінде оқыту тиімділігін айтарлықтай арттыруы мүмкін. Курстарды өткізу үшін әзірленіп қатқан бағдарламалық қамтамасыз ету адамдармен жұмыста және үйде пайдаланылатын компьютер үлгілері үшін сәйкес келуі қажет.

Білім алушыларға артық шығынға алып келетін тиісті техникаға қолжетімділік қажет болуы мүмкін. Білім алушылардың үйде және жұмыста компьютерлері және желілік құралдары бар болуы мүмкін немесе басқа жерлерде компьютерлерге қолжетімділігін ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Мұндай тәжірибелік міндеттер қашықтықтан оқыту икемділігіне әрі қарай шектеу қоюға алып келуі, сонымен қатар бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етуі мүмкін.

Нәтижелер мен талқылау. Заманауи қоғамды ақпараттандыру үдерістері қайтымсыз бола отырып, қатарына білім беру жүйесі де толық кіретін адам қызметінің барлық салаларына енеді. Білім беруді ақпараттандыруды алфавитті және баспа түрлерін ойлап табудан туындаған алдыңғы екі революцияға қарағанда, ойлау және оқыту әдістеріне радикалды ықпал ете алатын білім беру саласындағы үшінші революция деп санауға болады.

Заманауи компьютерлік ресурстарды білім беру саласына ендіру шамасына қарай оқу орнының мәдениетін және оқу үдерісіндегі мұғалімнің рөлі өзгеруде. Білімді өздігінен табуға акцент қоюға байланысты педагогтың оқыту қызметінің кеңес беру және түзету бағыттылығы күшейеді. Оқушыларға заманауи технологиялармен ұсынылатын артық ғылыми және оқу ақпараты бар жағдайда негізгі және бір-бірімен байланысты оқу пәндері саласында мұғалімнің кәсіби дайындығына талаптар күшеюде. Мұғалімнің тұлғалық, жалпымәдени, коммуникативті қасиеттеріне талаптар да айтарлықтай артуда. Өкінішке орай, оқыту үдерісінде пайдалануға арналған білім берудің компьютерлік ресурстарының көпшілігі үшін төмен педагогикалық деңгей тән. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себептерінің бірі мамандармен компьютерлік оқу бағдарламаларын нақты пәнді оқыту әдістемесін және мазмұны, психология, дидактика саласындағы жетекші мамандардың қатысуынсыз жасауы болып табылады. Сонымен бірге, оқыту жұмысында еңбек өтілі үлкен жетекші педагогтардың компьютерлік ресурстардан алыс екені, ойлау консерватизмі себебінен оларды игермейді, олардың маңыздылығын түсінбейтіні көпшілікке мәлім.

Талдау көрсеткендей, оқу үдерісінде компьютерлік ресурстарды енгізу көбіне педагогқа белгілі мазмұнды жай ғана артып қою және оны білім алушыларға компьютер құралдары арқылы ұсыну ретінде қабылданады. Сірә, мұндай тәсіл оқушылардың көрнекі-бейнелік және теориялық ойлауын белсендірудің орасан зор мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Білім берудің жаңа технологиялары дегеніміз ғылыми тұрғыдан және инженерлік білім жүйесі, сонымен бірге орта және жоғары мектептің пәндік саласында ақпаратты ұсыну, жинау, беру, сақтау және өңдеу үшін пайдаланылатын әдістер мен құралдар түсіндіріледі. Оқу бағдарламаларының орындалу тиімділігі мен олардың ішінде тиісті білім беру, яғни компьютерлік ресурстардың қіріктірілу деңгейінің тікелей байланысы қалыптастырылады.

Білім беру ресурсы – оқушы мен педагогпен білім беру қызметінде тікелей пайдаланылатын білім беру үдерісі жүретін ортаның элементі. Білім берудің компьютерлік ресурстарын қолдану барысында оқу-әдістемелік құралдарды, оқытудың көрнекі құралдарын, оқытудың техникалық құралдарын және компьютерлік ресурстарды, зертханалық жабдықтардың тиімділігін және т.б. ажыратады. **Ақпараттық білім беру ресурсы** білім беру саласында пайдаланылатын компьютерлік ресурстардың (материалды

ресурстардан айырмашылығы) алуан түрлерін қамтитын кең тараған ұғым. Компьютерлік ресурстардың мысалдары: оқулық, бейнефильм, мәтін редакторы, апта сайынғы теле бағдарлама және т.б. болып табылады.

Компьютерлік **ресурсы** цифрлық түрде сақталатын және берілетін ақпараттық білім беру ресурсы, білім беру саласында пайдалану үшін цифрлық ақпараттық нысанға қатысты ортақ түсінік. Білім берудің компьютерлік ресурстарын қолдану көптеген жағдайларда оқып-білу және дәйексөз алу ретінде пайдаланылатын ақпараттық білім беру ресурсы болып табылады. Мұндай ақпарат көзі ретінде плакат, хрестоматия, есептер жинағы бола алады. Сонымен қатар, мұндай ақпарат көзі ретінде жеке мақалалардан және олардың арасындағы сілтемелерден тұратын цифрлық энциклопедия, суретшінің өмірінің сипаттамасын оның жұмыстарына берілген сілтемелерді қамтитын виртуалды галереясы, орындалу нәтижелерін белгілейтін тесттік тапсырмалар жүйесі және т.б. бола алады.

Оқыту үдерісінде қолданылатын компьютерлік ресурстардың дидактикалық **мақсаттылығы бойынша** типологиясын келтірейік.

1 Оқу - қажетті меңгеру деңгейін қамтамасыз ете отырып, білім көлемі туралы хабарлайды.

2 Оқу үдерісінде қолданылатын бағдарламалық құралдар – алынған дағдыларды пысықтауға, өткен материалды өз бетінше қайталауға немесе бекітуге арналған.

3 Бақылаушы- оқу материалын игеру деңгейін бақылауға (өзін-өзі бақылауға) арналған.

4 Ақпараттық (ақпараттық-іздеу бағдарламалық жүйелер, ақпараттық - анықтамалық бағдарламалық құралдар) - пайдаланушыға ақпаратты енгізу, шығару, сақтау мүмкіндігін ұсынады; ақпаратты жүйелендіру бойынша білік пен дағдыны қалыптастырады.

5 Компьютерлік модельдеудің негізгі мақсаты – жүйенің жұмысының бірізділігіне өзгерістер енгізе отырып, қажетті деректерге өлшем және оларды әрі қарай өңдеу жасай отырып, олардың ағымының алуан түрлі құбылыстарын, заңдылықтарын зерттеу.

6 Демонстрациялық (көрсету)- зерттелетін сызбалар мен сызуларды графикалық талдауын қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда нұсқаулықтарды, қауіпсіздік техникасының ережелерінің және т.б. көрсетуге арналған бағдарламалар құралған.

7 Есептік - түрлі есептерді автоматтандыруға арналған.

Сонымен, біз геометрияны оқытудағы білім берудің компьютерлік ресурстарын және тиісті ғылыми әдебиетті қолданудың негізгі бағыттарын талдай отырып, геометрия курсы ақпараттандыру тек жетекші орын алып қана қоймай, сонымен бірге жеткілікті түрде жоғары қарқынмен адымдап келе жатқаны туралы қорытынды жасаймыз. Білім беру саласында компьютерлік ресурстарды пайдалану мәселелеріне біздің еліміздің де, шетелдік жетекші ғалымдардың да көптеген жұмыстары арналған. Бірақ олардың көпшілігінде мектепте білім беруге жеткілікті көңіл аудармаған. Бірақ орта білім беру жүйесі арқылы ғана мемлекет іс жүзінде қоғамның барлық мүшелерінің ақпараттық мәдениет деңгейін арттыруға мүмкіндігі бар екендігі белгілі. Мектеп оқушыларына геометриялық білім беру үдерісінде білім берудің компьютерлік ресурстарын пайдалану оларды моральді және психологиялық тұрғыда өз қызметінде геометрияны оқумен байланысты оқу ғана емес, сонымен бірге болашақ кәсіби қызметінде де компьютерлік техниканы қолдануға бағдарлайды. Бірақ біздің еліміздің кейбір жоғары оқу орындарында мектеп геометриясына оқытуда ақпараттандыру мәселесі туралы жеткілікті түрде оқытылмайды. Геометрияны оқыту үдерісінде білім берудің компьютерлік ресурстарын тиімді пайдалануға кедергі келтіретін келесі себептер анығырақ көрінеді:

- заманауи компьютерлік сыныптарда геометрия пәні жеткілікті көлемде өткізілмейді;

- геометрияны оқытуға арналған арнайы компьютерлік бағдарламалық құралдарының жетіспеушілігі;

- геометрияны оқытуға арналған арнайы компьютерлік бағдарламалық құралдарын пайдалануға арнайы дайындықтан өткен мұғалімдердің жеткіліксіздігі;

- оқушылардың геометриялық дайындығы талаптарына сәйкес келетін компьютерлік оқыту бағдарламаларының жеткіліксіздігі.

Білім беру саласында білім берудің компьютерлік ресурстарын кең түрде пайдалану оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін жетілдіру және арттыру, педагогикалық үдерістің нәтижелілігін қамтамасыз ету мүмкіндігін береді. Сондықтан оқу қызметінің барлық түрлерінің әдістері мен формасындағы, ойлау стиліндегі өзгерістер сөзсіз, ал сондықтан белгілі артықшылықтар пайда болады және белгілі проблемалар туындайды. Оларды педагог-оқушылар - ақпараттық технологиялар жүйесінің проблемалары ретінде шартты түрде анықтауға болады. Бұл проблемаларды зерттеу қазіргі таңда оқыту теориясы мен практикасында алғашқы орындардың бірін алады.

Осыған байланысты білім беру үдерісінде компьютерлік ресурстарды оқыту құралы ретінде пайдалану стратегиясына, сонымен бірге тиісті оқу бағдарламалары және оларды пайдалану әдістемесінің әзірлемелеріне белгілі түзетулер енгізуді талап етеді. Білім берудің компьютерлік ресурстарын үздіксіз білім берудің біртұтас жүйесінің әр сатысында оқыту (тәрбиелеу, дамыту) құралдары ретінде пайдалану қажеттіліктері және мүмкіндіктерін нақты саралау қажет. Мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесінде және мектептің бастауыш сыныптарында – бұл әсіресе компьютерлік ойындар; әрі қарай ақпараттық жүйелер кеңесші және жаттықтырушы ролінде болады; келесі сатыларда – бұл анықтама және емтихан алушы; кәсіби оқыту деңгейінде – нақты оқу және өндірістік міндеттерді шешу кезіндегі серіктес (курстық және дипломдық жобалау үдерісінде). Мұндай тәсіл барысында компьютерлік оқытудың нақты мақсатты бағытын, жас ерекшеліктерін ескере отырып сараланған психологиялық-педагогикалық зерттеулердің ролін айтарлықтай арттырады.

Соңғы он жылда көптеген түрлі бағдарламалық құралдар пайда болды, олардың көмегімен түрлі оқу пәндерін оқыту тиімдірек іске асырылады. Бүгінгі таңда мұғалімдер оларды геометрияны оқыту барысында белсенді пайдаланады, одан басқа педагогикалық білім беру оқушылардың жоғары білім сапасына қол жеткізу үшін геометрия сабағында білім берудің компьютерлік ресурстарын қолдануға дайындалған мамандарды даярлауды мақсат етеді. Зерттеу жүргізу барысында 83,12% мұғалімдер күнделікті білім берудің компьютерлік ресурстарын пайдаланатынын растады және тек қана 1,28-5,6% әр кезде немесе сирек пайдаланады екен. 30% пікірінше, интернетті сабаққа немесе сөз сөйлеуге дайындық барысында пайдаланады екен. 96,47% педагогикалық қызметкерлер білім берудің компьютерлік ресурстарын сабаққа дайындықты айтарлықтай жеңілдететінін және оларды түрлендіруді мүмкін ететінін айтады, бірақ 1,58% керісінше жауап берді. Сонымен бірге зерттеу барысында 100% дерлік оқушылардың сабақта компьютерді пайдалануды қалайтынын атап кету керек. Оқушылар бұл олардың үлкен қызығушылығын тудыратынын, демек, сабаққа ынталандыратынын айтты.

Қорытындылар. Сонымен танымдық-дидактикалық мүмкіндіктерді ескере келе, компьютердің бірқатар артықшылықтарын және оның дидактикалық мүмкіндіктерін атап өтейік: Компьютерді қолдану арқылы оқушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығы артады және ынтасы күшейеді; түрлі түстердің, мультимедиялығы, аудио материалдардың көмегімен ақпараттар алуан түрлі болады; компьютер оқушыны оқыту сапасын және жадысын, қабылдау, ойлау қабілеттерінің ерекшеліктерін ескеретін оқушының моделі негізінде жеке оқытуды ұйымдастыруды мүмкін етеді; компьютерді қолдану оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді, оқытылатын тақырыптағы ең маңызды нәрселерге зейінін шоғырландыруды мүмкін етеді; оқушыларда ақпараттың қомақты көлемін пайдалану мүмкіндігі болады; қолданылатын оқу міндеттерінің жиынтықтарын кенейтеді.

Зерттеуді жүргізу барысында оқытудың дәстүрлі әдістерін пайдалануға қарағанда, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану білім беру үдерісіне жағымды ықпал

жасайтыны анықталды. Оқытуды компьютерлік ресурстардың көмегімен іске асыру оқытудың дәстүрлі әдістерін толығымен алмастырмауы тиіс, ол табысты білім беру қызметін құруға арналған қосымша құрал ретінде қолданылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан–2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»: Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012, 14 желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері: 2018, 5 қазан.
3. Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы. Алматы: Қарасай, 2013. 432 б.
4. Ушаков Р.И. Целевое программирование решения стратегических задач сферы образования РФ // Alma mater. Вестник высш. шк. 2017. №12. С.7-10
5. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Мысль, 2007. 228 с.
6. Давыдов В.В. Последние выступления. М.: Эксперимент, 2008. 88 с.
7. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования. Психолого-педагогический и технологический аспекты: монография. М.: Изд-во Педагогика, 2015. 400 с.

Аннотация: Как отметил первый Президент страны Н.А. Назарбаев: «Цель века - добиться формирования гуманного, делового, жизнестойкого, многокультурного человека, который сможет преодолеть политические, экономические и духовные кризисы при переходе общества к рыночным отношениям». Поэтому известно, что сегодня одним из важнейших вопросов является подготовка умственно зрелых, хорошо развитых, трудолюбивых, самодостаточных и профессиональных профессионалов. Основная идея наук, изучающих обучение и его особенности, заключается в том, что опора на учебные мотивы в процессе обучения очень успешна, стимулирует процесс обучения, мотивацию, дает отличные результаты и играет ключевую роль в компонентах учебной деятельности. То есть одна из причин, влияющих на усвоение учеником урока - мотивы. Мотивы возникают из мотивов, которые мотивируют и направляют ребенка к обучению. Эти причины включают использование компьютерных ресурсов в процессе обучения. В статье рассматриваются познавательные и дидактические возможности использования компьютерных ресурсов учебного назначения в процессе обучения.

Ключевые слова: процесс обучения, мотивы, компьютерные ресурсы, познавательные и дидактические возможности

Abstract: As noted by the first President of the country N.A. Nazarbayev: "The goal of the century is to achieve the formation of a humane, businesslike, resilient, multicultural person who can overcome political, economic and spiritual crises during the transition of society to market relations." Therefore, it is known that today one of the most important issues is the training of mentally mature, well-developed, hardworking, self-sufficient and professional professionals. The main idea of the sciences that study learning and its features is that reliance on learning motives in the learning process is very successful, stimulates the learning process, motivation, gives excellent results and plays a key role in the components of learning activities. That is, one of the reasons influencing the learning of a lesson by a student is motives. Motives arise from motives that motivate and guide the child towards learning. These reasons include the use of computer resources in the learning process. The article discusses the cognitive and didactic possibilities of using educational computer resources in the learning process.

Key words: learning process, motives, computer resources, cognitive and didactic capabilities